ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНА БЕКІТІЛДІ
2026 ЖЫЛҒЫ 23 МАУСЫМДАҒЫ №4 ХАТТАМА

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП «СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ 2025 жыл үшін

Тұрақты даму «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Университет) қызметінің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады және ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттіліктің, әлеуметтік жауапкершіліктің және академиялық көшбасшылықтың негізі ретінде қарастырылады.

2025 жылы Университет білім беру сапасын арттыруға, ғылым мен инновацияларды дамытуға, жастарды қолдауға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге, цифрлық трансформацияға және өңірдің тұрақты дамуына үлес қосуға бағытталған стратегиялық бастамаларды дәйекті түрде іске асырды.

Университет қызметі БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (SDGs), Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына, ғылым мен жоғары білімді дамыту жөніндегі ұлттық жобаға, ESG және корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылды.

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ Қазақстанның жетекші өңірлік университеттерінің бірі және Шығыс Қазақстанның ірі білім беру, ғылыми және әлеуметтік орталығы болып табылады.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың стратегиялық басымдықтары:

– сапалы білім беру;
– ғылым мен инновацияларды дамыту;
– халықаралық интеграция;
– цифрлық трансформация;
– өңірдің тұрақты дамуы;
– адами капиталды қалыптастыру.

1. ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА КӨЗҚАРАС

Университеттің тұрақты даму жүйесі ESG-дің үш құрамдас бөлігіне негізделген:

E (Environmental) – экологиялық жауапкершілік;
S (Social) – әлеуметтік жауапкершілік;
G (Governance) – тиімді басқару.

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ тұрақты даму қағидаттарын білім беру, ғылыми, кадрлық және басқару қызметіне кіріктіреді.

2025 жылы Университет алғаш рет университеттердің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесін бағалайтын Times Higher Education Impact Rankings халықаралық рейтингіне енді. Университет тоғыз ТДМ бойынша ұсынылып, «Сапалы білім беру», «Өнеркәсіп, инновациялар және инфрақұрылым», «Гендерлік теңдік» бағыттары бойынша ең жоғары нәтижелер көрсетті.

2. БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕС

SDG 4. Сапалы білім беру. Негізгі нәтижелер:

- ✓ білім беру бағдарламаларын жаңғырту;
- ✓ практикаға бағдарланған оқытуды енгізу;
- ✓ академиялық ұтқырлықты дамыту;
- ✓ цифрлық білім беруді кеңейту;
- ✓ жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы.

Білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингі қорытындысы бойынша Университеттің бірқатар бағдарламалары Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында жетекші орындарға ие болды. Көрсеткіштер:

– 10500 мыңнан астам білім алушы;

– түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары деңгейі – 98%;

– қос диплом бағдарламаларын кеңейту – 14;

халықаралық академиялық ұтқырлықтың өсуі – жыл сайын 30-дан астам студент және профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері мен қызметкерлер қатарынан 25 адам.

SDG 5. Гендерлік теңдік

Университетте білім алу, ғылыми қызмет және мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі. Негізгі нәтижелер:

- ✓ білім алушылар арасындағы гендерлік теңгерім;
- ✓ әйел ғалымдарды қолдау;
- ✓ әйелдердің Университетті басқаруға қатысуы;
- ✓ әлеуметтік және білім беру жобаларын іске асыру.

THE Impact Rankings қорытындысы бойынша Университет «Гендерлік теңдік» көрсеткіші бойынша көшбасшылар қатарына енді.

SDG 8. Лайықты еңбек және экономикалық өсу

Университет өңірдің адами капиталын дамытуға ықпал етеді. Нәтижелер:

- ✓ дуальды оқытуды дамыту;
- ✓ жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды кеңейту;
- ✓ бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізу;
- ✓ тағылымдама және практика бағдарламалары;
- ✓ жастар кәсіпкерлігін қолдау.
- ✓ Университет кадрларды даярлау мәселелерінде мемлекеттік органдармен және өңірдің жұмыс берушілерімен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

SDG 9. Индустрия, инновациялар және инфрақұрылым

Университетті дамытудың негізгі бағыттарының бірі – ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту. 2025 жылы:

- ✓ зерттеу зертханалары дамытылды;
- ✓ материалдық-техникалық база кеңейтілді;
- ✓ қолданбалы ғылыми жобалар іске асырылды;
- ✓ халықаралық зерттеу платформалары құрылды.

Университетте еуропалық серіктестермен бірлесіп INNOCREA халықаралық зерттеу орталығын құруға бастама жасалды. Ядролық физика, энергетика, цифрлық технологиялар, педагогикалық инновациялар және биотехнологиялар бағыттары дамуда. Университет атом энергетикасы үшін кадрлар даярлау саласындағы халықаралық ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтті.

SDG 10. Теңсіздікті азайту. Университетте инклюзивті білім беру саясаты іске асырылады. «DANA BALA» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы белсенді жұмыс істейді. Университет бойынша қолдау шаралары:

- ✓ ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сүйемелдеу;
- ✓ әлеуметтік және атаулы стипендиялар, Университет гранттары, жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесі;
- ✓ психологиялық қолдау;
- ✓ кедергісіз ортаны дамыту.

SDG 13. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес

Университет жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қатысады. Негізгі бағыттар:

- ✓ экологиялық білім беру;
- ✓ табиғатты тұрақты пайдалану жөніндегі ғылыми зерттеулер;
- ✓ студенттердің экологиялық акцияларға қатысуы;
- ✓ «Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы жобалар.

SDG 16. Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар

Университетте парасаттылық, ашықтық және айқындық қағидаттары іске асырылады. Негізгі бағыттар:

- ✓ академиялық адалдық;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- ✓ комплаенс-бақылау;
- ✓ басқару процестерінің ашықтығы.

Комплаенс-қызмет, Ішкі аудит қызметі, кері байланыс тетіктері – баспасөз қызметі және коммуникацияға жауапты өзге де құрылымдар жұмыс істейді.

SDG 17. Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік

С. Аманжолов атындағы ШҚУ халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытады. 2025–2026 жылдары Университет 200-ден астам халықаралық келісім жасасу арқылы серіктестік желісін кеңейтті. Университет Erasmus+, Орхун бағдарламаларына, еуропалық білім беру кеңістігінің жобаларына қатысады. Орталық Азияның шетелдік университеттерімен жаңа келісімдер жасалды.

3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК (ENVIRONMENTAL). Негізгі бағыттар: энергия үнемдеу; құжат айналымын цифрландыру; қағаз тұтынуды азайту; экологиялық ағарту; студенттердің өңірдің экологиялық бастамаларына қатысуы.

Көрсеткіштер:

Индикатор	**2025**	**2026**
Электрондық құжат айналымы	87%	94%
Экологиялық іс-шаралар	42	58
Экологиялық жобаларға қатысушылар	2100	3200

4. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК (SOCIAL). Студенттерді қолдау

Іске асырылған бағыттар:

- ✓ әлеуметтік бағдарламалар;
- ✓ психологиялық көмек;
- ✓ волонтерлік жобалар;
- ✓ жастар бастамалары;
- ✓ көшбасшылық бағдарламалары.

Волонтерлік. Университет студенттері халықаралық және өңірлік деңгейдегі қоғамдық маңызы бар іс-шараларға қатысты.

Altai Invest–2025 форумы аясында студенттер халықаралық делегацияларға волонтерлер және аудармашылар ретінде қызмет көрсетті, сондай-ақ қарттар үйлері мен жетім балаларға арналған орталықтардағы түрлі акцияларға қатысты.

Адами капиталды дамыту

Көрсеткіштер:

Индикатор	**2025**	**2026**
Қызметкерлердің біліктілігін арттыру	74%	82%
Халықаралық тағылымдамалар	43	61
Жас ғалымдар	өсім	өсім

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ (GOVERNANCE). Университеттің басқару жүйесі мынадай қағидаттарға негізделген:

- ✓ ашықтық;
- ✓ есептілік;
- ✓ тиімділік;
- ✓ тәуекелдерді басқару;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс.

Директорлар кеңесі, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Комплаенс-қызмет жұмыс істейді. Есепті кезеңде тәуекелдерді басқару, цифрлық бақылау және ішкі аудит тетіктері жетілдірілді.

6. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР. Негізгі жетістіктер:

- ✓ ғылыми белсенділіктің өсуі;
- ✓ халықаралық жобаларға қатысу;
- ✓ зерттеу орталықтарын дамыту;
- ✓ халықаралық жарияланымдар санын арттыру.

Зерттеулердің басым бағыттары: болашақ педагогикасы; цифрлық технологиялар; энергетика; тұрақты даму; экология; өңірлік зерттеулер.

7. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫЛУ. 2025 жылы Университет халықаралық ұстанымдарын нығайтты. Негізгі жетістіктер:

– THE Impact Rankings рейтингіне ену;

– QS Asia Rankings 2026 рейтингіне қатысу;

– Erasmus+, Орхун бағдарламаларына, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің және Ғылым қорының ғылыми жобаларына қатысуды кеңейту;

– ғылыми жобалар аясында халықаралық зерттеу консорциумдарын құру.

QS Asia University Rankings 2026 қорытындысы бойынша Университет Азияның жетекші жоғары оқу орындары арасында 640–682-орынға ие болды.

8. ESG КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	**2025**	**2026**
Халықаралық серіктестер	>180	>200
Халықаралық жобалар	12	18
Рейтингтерге қатысу	4	6
Волонтерлер	1800	2500
Экологиялық акциялар	42	58

ESG және тұрақты даму бойынша оқыту кеңейтілді жүйеленді

9. 2026–2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАР

1. ESG қағидаттарын стратегиялық басқаруға кіріктіруді күшейту.
2. Тұрақты даму жөніндегі халықаралық рейтингтерге қатысуды кеңейту.
3. Жасыл кампусты дамыту.
4. Инфрақұрылымның энергия тиімділігін арттыру.
5. Халықаралық ғылыми консорциумдарды кеңейту.
6. Инклюзивті білім беру ортасын дамыту.
7. Жарияланым белсенділігін және зерттеулерді коммерцияландыруды арттыру.
8. Бөлімшелердің қызметін бағалау жүйесіне ESG индикаторларын енгізу.

2025 жылы «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ адами капиталды қалыптастыруға, ғылымды дамытуға, халықаралық ынтымақтастыққа және әлеуметтік жауапкершілікке бағдарланған заманауи тұрақты даму университеті ретіндегі ұстанымын дәйекті түрде нығайтты.

Есепті кезеңнің нәтижелері Университеттің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі және Шығыс Қазақстан облысы мен жалпы Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі жоғары әлеуетін растайды.